



АЛМАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№32 (94) 7 тамыз 2025 жыл



Абай мұрасы-мәңгілік қазына

Қонаев қалалық кітапханасында қазақтың ұлы ойшыл ақыны, кемеңгер тұлға Абай Құнанбайұлының 180 жыл мерейтойына орай, оның өмірі мен шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында «Абай мұрасы-мәңгілік қазына» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.



Кеш қонақтарына алдымен «Құнанбай мен Абай» атты сахналық қойылым ұсынылып, әкелі-балалы қос тұлға арасындағы таным мен тағылымға кезек берілді. «XIX ғасыр. Шыңғыстаудың қойнауы. Атадан қалған сөзге бағынып өскен ұл. Бірі - халық алдында би, болыс, әділ, бірақ қатал Құнанбай. Екіншісі - жас талапты Абай. Жүрегінде от, жанында сұрақ көп. Әке мен баланың ішкі майданы – үндемегенмен, ұлт тағдырын шешетін күрес. Ұлт рухы осындай үнсіз күрестен туады. Әке - жол, бала - жарық. Құнанбай әділдікке сүйенді. Абай - ақыл

десек, артық айтқандық емес. Дара тұлғаны қай жағынан дәріптесек те біздің елдік, халықтық парызымыз болып саналады», - деді.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, адвокат – заңгер Гүлжазира Мейірбекова «Абай Құнанбаев - өз заманының ұлы заңгері» баяндамасында: «Ұлы Абай тұлғасы жан-жақты зерттеліп жатыр. Бірақ, біздің Абайды толық зерттеп, білдік деп айтуымызға әлі ерте деп ойлаймын. Оның бір белгісі, Абайдың ұлы заңгер болғандығында

рең әлеміне өз шығармаларымен жол салып жүрген ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Алтыншаш Жақиянова, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ізгілеу Тойшыбайұлы, жас ақын Ажар Ержанқызы Абайға арнаған өлеңдерін оқыса, кітапхана оқырманы Балжан Ергешова, №2 орта мектебінің оқушылары Санжар Пірмұхамед, Медина Пірмұхамед, Аиша Нұржанқызы ақынның өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жатқа айтты.

Кітапхананың бөлім меңгерушісі Д.Нұрланқызы сирек қордағы Абай шығармаларына шолу жасап, артына өлмес мұра, мәңгілік өнеге қалдырған, ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен рухани мұрасымен таныстырды. Абай мұрасынан нәр алып, ойларын тереңдеткен кешке қатысушыларға қызықты әрі танымдық сұрақтар қойылып, викториналық ойынға жалғасты. Шежірелі сөзімен, өнегелі өсиетімен ұрпаққа үлгі болып келе жатқан «Әжелер» ансамблі Абайдың «Көзімнің қарасы», қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орындап кешті әсем сазға бөледі.

-Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы тек бір ақынның жылдығы емес, ол бүкіл қазақ халқының рухани мұрасын қайта бағалап, оның терең философиясын бүгінгі күн тұрғысынан түсінуге ерекше мүмкіндік беріп отыр. Абайдың ғұмыры өткенді еске алу ғана емес, болашаққа бағдар жасап, елімізді одан әрі дамытудың негізін қалауға күш салуымызды талап ететін бірегей уақыт. Абай шығармалары әлі талай ғасырларға жететін азық болары сөзсіз, - деді кешті қорытындылаған кітапхана директорының уақытша міндетін атқарушы Мухабат Сейтниязова.

Даража ЖОЛЫМБЕТОВА,
Қонаев қалалық кітапхананың
бөлім меңгерушісі.



мен жүрекке. Екеуінің үндестігі - ұлттың ұлы тарихы. Шағын қойылым осындай үндестік ойға жетеледі.

Құнанбай рөлін Қонаев қалалық мәдениет үйінің «Қонаев әуендері» ансамблінің жүргізушісі Темірлан Есімов, Абай рөлін Заречный ауылындағы кәсіптік - техникалық колледжінің компьютерлік аппаратты қамтамасыз ету мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері Ернат Касенов сомдады.

Кешті құттықтау сөзбен ашқан Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Бүркітбайұлы: «Қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдыз, хакім Абайдың мұрасы - сарқылмас қазына. Оның жүрек шерімен жазған өлеңдерінің тағылымы тереңде жатыр. Абай жалғыз қазақ халқының емес, адамзаттың ұлы

жатыр. Абайдың өз дәрежесінде жазған заңы қазақ топырағында сол кездегі Семей, Өскемен өңіріне, беріде Жетісуға, сондай-ақ, Қытай өлкесіне тараған. Бұл Шар бойында жасалғандықтан «Шар ережесі» деп аталады. Абай Шар бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 160-қа жуық баптан тұратын заңды жасайды. Міне, осы заңды жазу арқылы Абай қазақтың бұрынғы заңдарын жетік білетіндігін, сонымен қоса орыс заңдарын да терең білетіндігін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шықты» деп кеңінен сөз өрбітті.

Абайдың шығармашылығы тұтас бір рухани әлем, терең философия, адам болмысының айнасы. Абайдың осы те-

ретінде ел тарихында өшпес із қалдырды.

Ғарышқа үш мәрте сапар шегіп, жеті рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Ғылыми-техникалық салада қажырлы еңбек етті. Ұлттық ғарыш агенттігін басқарды, отандық аэроғарыштың дамуына сүбелі үлес қосты.

Туған өлкесі – Алматы облысының ғана емес, барша қазақ халқының абыройын биіктетіп, ел жадында мәңгі сақталатын жарқын бейнеге айналды. Оның ерлігі мен өмір жолы – бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

Қайғыларыңызға ортақпыз.



Алматы облысының әкімі
Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ

Көңіл айту

Мұсабаевтар отбасы мен туған-туыстарына

Халық қаһарманы, ұшқыш-ғарышкер, мемлекет және қоғам қайраткері Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына Алматы облысы жұртшылығының атынан қайғыра көңіл айтамын.

Талғат Амангелдіұлы – ұлтымыздың маңдайына біткен біртуар перзент, ғарышты бағындырған аңыз тұлға. Қазақстан мен Ресейдің ұшқыш-ғарышкері, авиация генерал-лейтенанты, техника ғылымдарының докторы, Халық қаһарманы және Ресей Федерациясының Батыры

Апта жаңалықтары

ҰЛЫ АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ

Жақында аудан орталығы Шонжы ауылындағы кітапханада 10 - тамыз Абай күніне орай «Абай - дана, Абай - дара қазақта» атты әдеби кеш өтті.

Кешке аудандық ардагерлер және «Асыл ана» қоғамдық ұйымдарының мүшелері, белсенді зейнеткерлер, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Кештің мақсаты-ұлы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оқушылардың әдеби танымын кеңейту, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру, Абай мұрасының мәңгілік екенін ұғындыру.

Алғашқы сөз кезегін алған Ақтам ауылдық округі кітапханасының кітапханашысы Гүлнұр Жұмабаева жиналғандарды Абай Құнанбайұлының өмір жолымен таныстырып, оның ақындығы, ойшылдығы, философ екендігі, қайраткерлігі жөнінде кеңінен мағлұмат берді. Келесі кезекте сөйлеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нурсеитов, «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрағасы Н.Байсеркеева, Тасқарасу ауылдық округінен келген ақындар Ә.Асанғожаев пен Е.Мұхамедұлы, Диірмен ауылдық округінің кітапханашысы Ж.Бақаева Абай Құнанбайұлы туралы нақты деректерге сүйене отырып өз ойларымен бөлісті. Ұлы ақынның кара сөздерінің ең қымбат қазына екендігін, бүгінгі ұрпаққа тигізер пайдасын тебірене айтты. Бұдан соң кітапхананың тұрақты оқырмандары, мектеп оқушылары А.Мұхаметқалина (Ақтамнан), Я.Тилвалдиева (Қалжаттан), ұлы Абайдың кара сөздерін жатқа айтса, оқушылар Г.Сраждинова, Г.Қабылбекова, И.Йолдашева, І.Жасұланқызы Абай өлеңдерін оқыды. Ауданымыздағы Әжелер ұжымының жетекшісі Р.Сартолова мәдениет қызметкері Қ.Рысбаевтың сүйемелдеуімен Абай атамиздың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындап, отырғандарды бір серпіліп тастады. Кешті аудандық кітапхананың басшысы А.Жаппарова қорытындылап, осы шараға белсене қатысқан жандарға сый-сыяпат жасады.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

Ұйғыр ауданы әкімшілігінің мәжіліс залында аудандық AMANAT партиясының ұйымдастыруымен «Шекаралық аймақтар туралы» арнайы заң жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылау өтті.

Қоғамдық талқылауға аудандық маслихаттың депутаттары, аудандағы қоғамдық ұйымдардың мүшелері және белсенді азаматтары қатысты. Қоғамдық талқылауды аудандық AMANAT партиясының төрағасы Н.Болатұлы ашып, жиналғандарға мәжілісте «Шекаралық аймақтар туралы» арнайы заң жобасын әзірлеу басталғандығын жеткізді. Осы орайда, шекаралық аймақта тұратындықтан аудан жұртшылығының пікір-ұсынысын тыңдау арқылы кейбір ұсыныстарды жоғарыға жеткізу мақсатында бұл шараның аудан әкімшілігімен бірлесе отырып ұйымдастырылғанын айта келе қатысушыларды өз ойларымен бөлісуге шақырды. Қоғамдық талқылау барысында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитов, «Казпошта» АҚ аудандық бөлімінің басшысы Н.Меримов, аудандық ішкі істер бөлімі басшысының орынбасары С.Серікболұлы, аудандық ақсақалдар кеңесінің және аудандық «Ұрпақ парызы» қоғамдық ұйымының төрағасы Ж.Керімқұлов, аудандық маслихаттың депутаты С.Ермухаметова, қоғам белсенділері М.Нуров, Т.Рахмаев, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі, заңгер Р.Ғаитов, Алматы облысының Құрметті азаматы Ы.Бектұрсынов, аудандық маслихаттың төрағасы Н.Есжан жиналғандар алдында шекаралық аймақтар туралы өз ойларымен бөлісті.

Сонымен қатар, алдымен ауданда тұрақтылықтың сақталуы, тұрғындарды жұмыспен қамту, салынатын құрылыс ғимараттарына мән беру, мәдени ошақтарды дамыту, ауданға келіп-кетуді заң жүзінде ұйымдастыру, тәртіп мәселесіне көбірек көңіл бөлу сияқты сұрақтарға тоқталды. Қоғамдық талқылауды аудан әкімі қорытындылап, бүгінгідей талқылау алдағы уақытта да жалғасатынын, әр ауылдық округтер бойынша да ұсыныстарды жинақтау керек екенін айтты.

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Жақында Шамалған ауылдық округінің Ақсақалдар кеңсесінде кезекті жиын өтті.

Жиынға ауыл әкімі Нұрсұлтан Жолдаспеков, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қанат Қатубаев, Шамалған округіндегі 5 мешіттің имамдары, ауылдың белсенді азаматтары мен «Ақылбай» жеке мекемесінің басшысы Жанар ханым қатысты.

Күн тәртібінде көптің көкейінде жүрген бірнеше маңызды мәселе қаралды.

Атап айтқанда, мешіт имамдарымен бірге марқұм болған жандарға қатысты дәстүрлі рәсімдерді өткізу тәртібі, атап айтқанда:

- Қонақ асының ұйымдастырылуы.
- Қырық күндік пен жылдық ас мәзірінің бірізділігі мен қарапайымдылығы мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауылдың тазалығын сақтау бағытында нақты шаралар қарастырылды.

Қоқыс жинау мекемесі мен мешіт ұжымдары, ауыл тұрғындарының белсенділерімен бірге ауылды таза ұстау, қоршаған ортаға жанашыр болу жөнінде ортақ шешімдер қабылданды.



ЗАМАНЫНАН

ОЗА ТУҒАН ДАРА ТҰЛҒА



Бұл күндері елімізде ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған ауқымды шаралар өтіп жатыр. Осыған орай газет редакциясы өскелең ұрпаққа ұлы Абайдың ақындығы, ойшылдығы, ағартушылығы, қайраткерлігі жайында жан-жақты мағлұмат беруді жөн көрді.

Абай Құнанбаев 1845 жылы (бұрынғы Семей облысы), Абай ауданының Шыңғыстау бауырында дүниеге келді.

Абайды жеңгелері екі шешенің ортасында тәрбиеленуі себепті Телқара деп атап кеткен. Ауылда молдадан хат танып, он жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға түседі. Үш жылдай оқып, дін сабақтарымен қатар шығыстың ұлы классиктері Науаи, Фзули, Саади, Хафиз, Шамси, Саихали шығармаларын оқып танысады.

Ел билеу ісіне Құнанбай Абайды баули бастайды. Абайды оқудан ерте тартып алуының себебі де осы болды. Ел қамы үшін әділет жолын ұстанған Абайдың үстінен арыздар жазылып, абактыға да отырып шығады.

Абай жасы отыздан аса орыс әдебиетімен таныса бастайды. Семейге айдауға жіберілген Е.П.Михаэлис бастаған орыстың социал-демократтарымен танысып, өз бетімен орыстың классиктерінің шығармаларын оқуға қол жеткізеді.

Абайдың өмірі мен шығармашылығындағы өзекті тақырыпты танып білу үшін Құнанбай заманы мен Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігін, айырмасын жете білу маңызды.

Абайды оқып зерттеген жазушы М.Әуезовтің атап көрсеткеніндей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды. Оқи жүріп, іштей толысып жетіле жүріп ақындық өнердің қоғамдық санада зор тәрбиелік мәнін танып, жасы қырықтан асқан шақта ақындық өнерге құлай берді.

Адам болу мәселесі сонау тар қапас заманда дүниеге келген ұлы Абайды ерекше толғандырған. Міне, сондықтан да ақынның ғылым, білімге шығарған өлеңдері бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан емес. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз», «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңдерінің негізгі идеясы мен мақсатын Абайдың ұрпақ тәрбиесіне арнағанын көреміз.

Абай өз заманының перзенті ретінде сол дәуір дайындаған көлемде ұлан-ғайыр еңбек етті. Кеменгер Абай өлеңді сөздің патшасы, сөз сарасы деп бағалады. Ол өлең құрылысы жағынан да жұп-жұмыр шығып, артық сөз, орынсыз ой қосылмай, өлеңнің бас-аяғы теп-тегіс шығуын, мазмұн мен түр бірлігін керек етеді. Сырты күміс, іші алтын болып өрнектелуін ақындар алдына жаңа әдебиеттің эстетикалық мұраты ретінде ұсынды.

Абай Құнанбаев – ақын-ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етеді. Терең философиялық ой мен азаматтық пафосқа толы оның өлеңдері езгі мен надандыққа қарсы күреске шақырады. Жаңа заман ақыны ретінде Абай қазақ әдебиетінде поэма жанрының орнығуына ықпал етті. Оның поэмаларының мазмұны («Масғұд», «Ескендір») шығыс классикалық әдебиетінің мәнерімен Абайдың өзгеше ойлауымен құрылған көркемдік прозаның дамуына Абай қосқан үлес оның «Қара сөздерімен» бағаланады, бұл кітапта Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасы айқын көрсетіліп, көптеген тарихи, педагогикалық және құқықтық мәселелер көтеріледі. Олардың айрықша ерекшелігі тілдің көркемдігі, мазмұн байлығы, философиялық тереңдігі. Ақынның азаматтық борыш, тұрмыс мәні туралы қасиетті ойлары жас ұрпаққа бағытталған.

Абай Құнанбаев – ақын-ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Ол ақын-ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етеді. Терең философиялық ой мен азаматтық пафосқа толы оның өлеңдері езгі мен надандыққа қарсы күреске шақырады.

Абайдың музыкалық мұрасы қазақтың ұлттық өнері тарихында ерекше орын алады. Абайдың әуендік таланты халықтық негізде дамып, ақынның рухани жан-дүниесі, әлемге көзқарасы оның лирикалық әндерінде айрықша көрсетілген. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің, көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты» және т.б. әндері арқылы халықтық ән шығармашылығына жаңа ырғақ, ана тілді көркемдік-мәнді қолданудың жаңа қағидалары ендірілді. Абай халықтық музыка қорын ырғақтық ән өнерімен байыта отырып, жаңалық із салды.

Абай әндеріне М. Төлебаев, С. Мұхамеджанов, Ғ. Жұбанова, М. Қойшыбаев, Н. Тілендиев, Н. Меңдіғалиев сияқты композиторлар әндер мен романстар жазды.

Абай 1904 жылы туған жерінде қайтыс болып, сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Бүгінде Жидебай қонақтардың ақын өмірімен танысуда кең мағлұмат беретін әдеби-мемориалдық мұражай болып қызмет етуде.

Ғаламтор желісі арқылы дайындаған
Роза АЙДАРБЕКОВА.

Абайдың қара сөздері

БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлтыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жазса берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

ЕКІНШІ СӨЗ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшпк ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп.

Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаңары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін.

Тұсаукесер

АШТЫҚТЫ АЙҒАҚТАЙТЫН КІТАП

Тарих тарауларында таңбаланып қалған аштықты бұқара халық «Ұлы жұт», «Нәубет», «Ашаршылық», «Зобалан», «Зұлмат», «Аждаһа» деген сияқты атаулармен айтып келген еді. Әлі де солай. Осы аштық жайлы әңгіме бітпейтін тақырыпқа айналды. Барған сайын оның құпиялары мен ашылмаған беттері белгілі бола бастады.

Осынау тарихи тақырып төңірегінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлерінің және олардың

ұрпақтарының естеліктері» сериясын дайындау және басып шығару бағдарламасын іске асыру аясында қолдау көрсетіп, оның мәні мен маңызына айырықша ден қойды. Ал, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және

этнология институтының ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды. Бұл орайда институт ғалымдары мен қызметкерлері ғылыми ізденістер жолына түсіп, жемісті еңбектерімен көрінді. Алғашқы қадамдары нәтижелі болды.

Бұдан бұрын олар «1931-1933 жылдардағы ашаршылық: Жамбыл облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері» атты 20 томдыққа жоспарланған кітаптың бірінші томын шығарып та тастаған болатын. Міне, соның заңды жалғасы, кітаптың екінші томы «1931-1933 жылдардағы ашаршылық: Алматы облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері» деп аталады. Бұған облыстың барлық аудандары қамтылған. Қарасай ауданына да кеңінен орын берілген.

Таяуда аудандық кітапханада осы кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Бұған осы кітапқа ашаршылық жайында естеліктер мен сұхбаттар берген жұртшылық қатынасты. Салтанатты сәтте «Жібек жолы» ауылының тұрғыны, өлкетанушы Тұрсынбала Шуашева, Елтай ауылының 87 жастағы тұрғыны Калида Қосшұғұлов, Ұмтыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Аюп Ысқақов, О.Жандосов атындағы ауылдың тұрғыны Махамбет Ай-



даров, Райымбек ауылының тұрғыны Жанат Рақымбеков, Қаскелең қаласының тұрғыны Әсет Рахимова, тағы басқа да адамдар сөйлеп, кітапқа деген жылы лебіздерін білдірді. Көптомдықтың келесі кітаптарына осындай сәттілік тіледі.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
Қаскелең қаласы.

Жаныңда жүр жақсы адам

Еңбекпен есейген жан

Алматы облысының бірнеше аудандарының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлесін қосқан ардақты азаматтардың бірі-Нұржахан Жамболов. Өмірінің елеулі кезеңдерін халық пен жер тағдырына арнаған бұл кісі ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында және партиялық қызметтерде жемісті еңбек етті.

Нұржахан Үшкемпірұлы 1935 жылдың 10 тамызында Алматы қаласында дүниеге келген. Әкесі Үшкемпір Байженұлы Алматы қаласындағы Арычная көшесінің үстіңгі жағында (қазіргі Абай даңғылы) орналасқан кірпіш зауытында жұмысшы болып еңбек етіп жүрген кез еді. 1935 жылы Қаскелең ауданының Жамбыл ауылына (ол кезде «Он жылдық» атындағы колхоз деп аталатын) осы колхоздың төрағасы Қаракүшіков Оспанбай әкесін отбасымен бірге Алматы қаласынан көшіріп алды. Ол кезде бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері бір жастағы бала еді. Міне, оның балауса балалық шағы осы ауылда өтті. 1952 жылы орта мектепті бітірді.

Сол кездегі жас балалар оқу бітіре салысымен колхоз жұмысына араласатын. Солардың қатарында ол да болды. Ересек балалар шөп шабатын машинамен шөп шапты, ал әйелдер шапқан шөпті шөмелеге салды. Шөме-ледегі шөпті салмамен маяға жеткізетін.

Егін орағы басталған кезде, қырманға жайылған астықты атқа тіркелген таспен бастырды. Міне, соғыс жылдарындағы оның балалық шағы осылай өтті.

Еңбек жолын қарапайым мамандықтан

бастап, 1957 жылы Ворошилов атындағы халық депутаттары ауылдық кеңесінде әскер жасындағы азаматтарды есепке алушы маман болып бастаған. Бұл алғашқы қадамы оның халықпен жұмыс істеуге деген ықыласы мен жауапкершілігін қалыптастырған кезең еді.

Алғашқы білімін 1961 жылы Талғар ауыл шаруашылығы техникумын агроном мамандығы бойынша алған ол кейін, 1973 жылы Алматы мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын көкөніс және жүзім шаруашылығы мамандығы бойынша бітірді. Екі оқу орнында білім алған жылдарының арасында Ворошилов ауылдық кеңесінде хатшылық жұмыста болғаны бар.

Кәсіби білімін терең меңгерген соң «Алматы» жүзім совхозында кадр бөлімінің инспекторы, бригадир-агроном, жұмысшылар комитетінің төрағасы сынды жауапты қызметтер атқарды. Әрбір жұмыста өзінің тиянақтылығымен, еңбекке деген адалдығымен танылды.

Өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, партиялық салада да белсенді қызмет атқарды. Каскелең ауданындағы «Дружба», Іле ауданындағы «Рассвет» совхозда-



рында партия комитетінің хатшысы ретінде еңбек етті. Кейінірек облыстық партия комитетінде партиялық жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарып, өңірлік мәселелерді шешуге атсалысты.

1979 жылы Каскелең ауданындағы Жандосов атындағы шаруашылықтың директоры

болып тағайындалды. Бұл қызметте де біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабылетін көрсете білді.

1992-1994 жылдары халық депутаттары Алматы облыстық кеңесі мен Алматы облыстық әкімшілігінің жауапты қызметтерінде еңбек етті. Оның тынымсыз еңбегі мен елге сіңірген қызметі түрлі марапаттармен аталып өтілді. Атап айтар болсақ, «Құрмет» орденімен, «Еңбектегі қажырлығы үшін» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен сол сияқты «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65,70, 75, 80 жыл» төсбелгілерімен марапатталғаны бар.

Одан бөлек, ел алдындағы сіңірген еңбегі ескеріліп, 1994 жылы Нұржахан Жамболовқа «Іле ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл атақ-оның бүкіл өмірін ел игілігіне арнаған азаматтық келбетін танытатын айқын дәлел.

Ол-өнегелі еңбек жолымен, елге сіңірген еңбегімен, қарапайымдылық пен жауапкершілікті ұштастырған тұлға. Ол –Іле ауданына ғана емес, бүкіл Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік із қалдырып, үлесін қосқан азамат.

Бұл күндері ол кісі зейнет жасында. Бала-шағасының ортасында адами бақыттың дәмін татып, өз ғұмырынның тоқсаныншы белесін жалғастыруда. Елге еңбегі сіңген арда азаматтың арбаның алдыңғы дөңгелегі секілді арамызда жүре бергенін Алладан тілейміз. Жанында жүрген осындай жақсы адамдардың қатары сиремесін.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

Биыл-жұмысшы мамандықтары жылы

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы саланы меңгеруге және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталды.

ЕҢБЕК АДАМЫ-ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



Мандай терін төгіп, адал еңбек етіп жүрген азаматтардың еселі еңбектерін жоғары бағалап, олардың бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеу-еңбек адамдарына деген көрсетілеп жатқан құрметтің бір парасы.

Он екі ай тынымсыз тер төгіп, атақ пен абыройға емес, өз ісіне деген шынайы құрмет пен жауапкершілікпен қарап жүрген жандарға қандай құрмет көрсетсек те көптік етпейді.

Еңбек сүйгіш қасиетті оң бойында сақтап, қарапайымдылықты өмірлік қағидаға айналдырған азаматтардың бірі-Балқаш желілік-техникалық цехының кабель дәнекерлеушісі Ерлан Рахымұлы Рақышев.

Әңгіме кейіпкері 1981 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Кең пейіл қазақы ауылдың тыныс-тіршілігін бойына сіңіріп, еңбекке ерте араласып, адалдықты ту етіп өскен Ерекең-бүгінгі таңда бір баланың асқар таудай әкесі, отбасына қорған, қоғамға пайдалы азамат ретінде үлкендерге сыйлы, өзінен кейінгі ізбасарларына үлгі - өнеге көрсетіп жүрген нағыз еңбек сүйгіш азамат.

Ерлан Рахымұлы 1999 – 2001 жылдар аралығында Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, аудан орта-

лығындағы Бақанас аграрлы – индустриалдық колледжіне оқуға түскен. Аталмыш оқу орнын 2002 жылы электр мамандығы бойынша тәмәмдап, аудандық «Балқаш жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде күзетші болып еңбек жолын бастаған. Ал 2005 жылы Балқаш желілік-техникалық цехының кабель дәнекерлеушісі болып жұмысқа орналасқан. Табаны күректей 20 жыл бойы бір мекемеде жұмысшы болып еңбек ету Ерланның бойындағы өзгелерден табыла бермейтін ерекше қасиет десек болады.

Ерлан Рақышев 2003 жылы Жазира Басарғалиқызымен шаңырақ көтеріп, Данияр есімді ұлға өмір сыйлап, өздерінің бойындағы еңбексүйгіш асыл қасиеттерін үлгі етіп, адал еңбекпен тапқан нанның бойға сіңімді болатынын айтып, өнегелі отбасы қағидасы да қазқалпында сақталған. Бұл-атадан балаға берілетін ерекше қасиеттердің бірі.

Дана халқымызда «Еңбек еткен - мұратқа жеткен» деген қанатты сөз бар. Бүгінгі әңгіме кейіпкері де-еңбегімен елге сыйлы адал да абзал азамат. Оның өнегелі өмірі мен еңбек жолы бүгінгі ұрпаққа үлгі хәм әріптестерінің ортасында сыйлы. Сондықтанда оны әріптестері өз ісіне мығым және еңбекқор адам ретінде сипаттайды.

Қандай да болсын мамандық иесі өз ісінің майталманы болу – басты мақсат. Ол ізденуді, оқуды, мандай тер төгуді қажет етеді. Халқына адал қызмет еткен жанның еңбегі еленіп, түрлі жетістіктерге жетеді.

Ел үшін тынымсыз тер төгіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын құрметтеу- елдігіміздің ерен көрінісі. Өйткені олар-мемлекеттің іргесін берік етіп тұрған мызғымас тіректер.

Бақтығали
МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.
Балқаш ауданы.

Айтайын дегенім...

Жер – біздің, адамзаттың ортақ үйі. Оны таза, әсем, ұқыпты ұстау-біздің адами борышымыз. Ол тіршіліктің қайнар көзі, асыраушысы. Сол үшін де біз ол аманатты қадірлеп құрметтеуіміз керек.

Кез келген елдердегі сияқты, Қазақстанның аумағында да алғаш табиғат қорғаудың халықтық түрі ертеден-ақ қалыптасқан. Ерекше географиялық нысандарды қасиетті, киелі деп санағандықтан, халық ғасырлар бойы қазақ жеріндегі тау-тасын, орманын, өзен-көлін, таулы аймақтың табиғат қорларын қорғауға алған. Оны «Судың да сұрауы бар», «Су ішкен құдыққа түкірме», «Жаз жайлауы, күз күздеуі, қыс қыстауы, көктем көктеуі», «Көкті жұлма», «Бұтақты сындырма» деген сияқты тәрбиелі мақалдар мен мәтелдердің астарынан байқауға болады.

Аймақтағы табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру-басты мақсат. Ол үшін әр түрлі деңгейдегі өзгеріске ұшыраған ерекше және сол жерге ғана тән ландшафтарды қорғау және сақтау өте қажет.«Рекреация» ұғымы үйден тыс жерде адамдардың денсаулығы мен еңбекке жарамдылығын қалпына келтіруді сипаттайды. Қала немесе халқы тығыз қоныстанған ауыл адамдарына өмір сүріп отырған ортасының таза болуы маңызды. Сондықтан, әркім өзі тұрып жатқан жерін, үйін, көшесін, ауылын, қаласын таза ұстауға міндетті болуы керек. Реті келгенде айта кету керек, мен тұрып жатқан Іле ауданындағы Ащыбұлақ елді мекенінде соңғы жылдары халық саны шамадан тыс көбейіп кетті. Жаңадан көшіп келгендер айналасындағы тазалыққа мән бермей, қоқыс қалай болса солай шашылып жатады.

Дей тұрғанмен бізде бірнеше рет «Таза Қазақстан» акциясы аясында көшені тазарту және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл шараға тұрғындар шамалары келгенше қатысады. Түпкі нәтижеге жету үшін мұндай жұмысты ұдайы жүргізу қажет деп есептеймін. Осыған орай, ауыл тұрғыны ретінде өз ойымды оқырмандар талқысына салуды жөн көрдім.

Тұратын жеріміз таза болуы және қоршаған ортаны ластанудан сақтау үшін әр адам төмендегідей талаптарды орындағаны дұрыс деп санаймын.

Қолыңдағы керексіз затты

Тәрбие тал бесіктен басталады

қоқыс жәшігіне сыймаса лақтыра салмай, қайтып алып үйдегі қоқысқа қосуы керек. Күн-бағыс-пістені шакқанда қалдық қабығын қағазға болмаса клеенка-қалтаға салып, шашпай жәшікке салған жөн. Ауылдың демалыс орнында талдардың бұтақтарын сындырмай, жанашырлықпен күтіп қараған дұрыс. Қасындағы отырған немесе өтіп бара жатқан адамның орынсыз тастаған затын «Олай істемеңіз» дегендей ескерту жасаған абзал болады. Әсіресе ата-аналар кішкентайынан өз балаларына үйде ауылдың, көшенің тазалығын құрметтеуге үйреткені дұрыс.

Көпшілік демалатын орындарды «Әкімшілік тазалауы керек.



Одан басқа не істейді, олар» дегендей пікірлер естіп жатамыз. Ол-жаңсақ пікір. Адамдар жүрген жеріндегі тазалығына, тәртібі мен тәрбиесіне ұқыпты болса ауыл да таза болар еді. Қай уақытта болмасын адам баласы қоршаған ортаға, айналасына құрметпен қарап, жалпы тазалыққа ұқыпты болғаны жөн.

Бүгінгі күнгі тұрмыстық қоқыстың өзі де ерекше. Олай дейтініміз дүкеннен сатып алынған тауардың көлемі мен оның сыртындағы орама қаптамасы тым үлкен және химиялық түрде жасалынған. Салмағы жеңіл болғандықтан тез ұшады, бір жерде тұрақтауы қиын. Табиғи түрде ол қоқыстар

шірімейді де. Ұшып барып талға, бұтаққа ілініп қалады. Ал ілулі тұрған целлофан желмен жалбырап дауысы қалдырлап естіледі. Оның маңайындағы жануарлар болмаса құстар орынсыз сыбдырдан шошынып, тұрақты ұясынан безіп кетуде. Су-сусын, айран-сүт құйылған ыдыстар қоқыс жәшіктерін тез толтырады. Сол үшін де жергілікті жерде тұрмыстық қоқысты сұрыптап, салудың жәшіктерін ұйымдастырған жөн болар еді. Әрбір ауылда сыртында атауы бар төрт түрлі жәшіктер тұрса деген ойдамын. Олар шыны ыдыстар, қағаз қалдықтар, пластик қалдықтар және темір қалбырлар. Мұндай тәжірибе еуропалық елдерде көптеп қолданылады. Тұрмыстық

қалдықтарды осылай сұрыптап жинайтын болса қоқыс полигондарының да мәселелері шешілер еді. Мектеп оқушыларына өтетін тәрбие сабақтары үйден алған, көрген, түсінген тәрбиеге негізделеді. «Баланың бас ұстазы - ата-ана» демекші, адамгершілік, тазалық, ұқыптылық тәрбиесі отбасынан бастау алатынын бәріміз білеміз. Ендеше ,ата-аналардың осы мәселеге көңіл бөлгені дұрыс. Жер және табиғат адамсыз өмір сүре алады, адамның табиғатсыз өмірі жоқ.

Баширахан ПАТТАЕВА,
зейнеткер.
М.Түймебаев ауылы.

Мастер и его дело

В ЗВУЧАНИИ ДОМБРЫ – СОСТОЯНИЕ ДУШИ

Никогда не писал о мастерах изготовления домбр, но как-то подвернулся случай на выставке в национальном музее в Алматы, что на Самале. Здесь увидел мастер - классы по изготовлению музыкальных инструментов и с одним из ремесленников, Габитом Реймбаевым, познакомился за этим увлекательным процессом. Поговорили, записал его номер для дальнейшей подробной беседы.

Оказывается, мой собеседник пришел в эту сферу, можно сказать случайно. Хотя в детские годы брал в руки отцовскую домбру и разглядывал ее с мыслью: как она рождает звуки, как ее делают?

Родился Габит в Узбекистане, Каракалпакстане, в 1991 году. В 1997 году пошел в школу имени Аль-Беруни и после 7 класса переехал с родителями в Казахстан, так как видели тут больше перспектив и свое будущее. Выбрали для проживания село Каргалы, Жамбылского района, Алматинской области. Отец по профессии сварщик, мама продавец и работу нашли себе быстро, а сын продолжил учебу в местной школе.

Потом поступил в республиканский медицинский колледж в Алматы на стоматолога. Но финансовые трудности в семье не позволяли учиться дальше. Габиту пришлось временно оставить колледж, чтобы помогать родителям. Решили с товарищем начать изготавливать казахскую домбру, спрос на них был устойчивым. Габит, жалея что не доучился, оригинально шутит: «Кстати, между стоматологом и мастером по изготовлению домбры есть сходство. И тот, и другой любят ковыряться. Один с зубами, другой с деревом!».

В 2017 г. завел семью и сейчас с супругой Асем воспитывают троих детей: два мальчика, одна девочка.

Сейчас он уже лет пять как «в теме». И сколько через их руки с партнером прошло инструментов, не считал. Примерно 40 -50 штук. Поясняет, что производство музыкальных инструментов зависит от назначения. Для профессиональной домбры требуется комбинированный материал – корпус из твердых пород, а крышка обязательно из ели. А для любительской домбры нужна сосна. Все материалы проходят предварительную сушку, отбор. Правильно сделанная домбра должна иметь красивое звучание, иначе – брак. Поэтому, в звучании домбры - состояние души музыканта, его умения извлечь нужный звук, мелодию.

Ныне работать стало комфортнее, так как недавно он запустил свою собственную мастерскую, чему очень рад. Приобрел деревообрабатывающий, циркулярный и шлифовальный станки, тиски. Планирует прикупить еще пару нужных для производства электроинструментов.

Какая у него мечта? - Построить свой дом, (участок уже есть) и конечно продолжать заниматься любимым делом, совершенствовать его, набираться опыта, - говорит Габит. Пожелаем нашему герою успехов.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Жамбылский район.



Өз өлкеңді біл

Алматы облысында Көлсай көлдері, Шарын шатқалы, Түргендегі сарқырамалар, Есіккөл тағы басқа да туристерді қызықтыратын көрікті жерлер көптеп саналады. Алайда, тамаша табиғат аясында демалатын адамдардың көпшілігі облыс аумағында көне дәуірден сыр шертетін тарихи орындар мен ескерткіштердің бар екендігіне аса мән бермейді. Мұндай ескерткіштің бірі –Таңбалы тас шатқалы.

Таңбалы тас

Іле өзенінің бойында көптеген тарихи орындар мен ескерткіштердің арасында Таңбалы тас шатқалы айрықша орын алған. Бұл шатқалда 60 метрге дейін жететін үлкен жартастар бар. Жекелеген жартас беттерінде Будда мен Бұрхан бейнелері, сонымен қатар әртүрлі стилде жазылған тибет жазуларын көруге болады. Таңбалы тас жазулары мен бейнелері тасқа мейлінше шеберлікпен қашалған, суреттері анық, сондай-ақ контур сызықтары көркемдігімен ерекшеленеді. Зерттеушілердің пайымдауынша бұл аумақ алуан түрлі қауіп қатер мен зұлым күштерден қорғануды көздейтін біртұтас мақсатта салынғандығын меңзейді. Жан-жағы биік жартастармен қоршалған шатқал керуен тоқтауға таптырмас жер екені аңғаруға болады.

Қазіргі заманда Таңбалытас шатқалы Будда бейнелері мен тибет жазуларымен кеңінен танылды. Ол жазуларды 1856 жылы Шоқан Уалиханов

Негізгі бес сурет пен тибет жазудан құралатын барлық композиция үш үлкен жартас бетіне қашалып салынған. Будда бейнесінің бірі негізгі кешеннен бөлек өзен жағасынан 50 метр аралығында орналасқан. Үлкен тастардың арасынан өтетін өткелде мүйізі бар жылан оралған бұрхан бейнесі бейнеленген.

Тұтастай алғанда бір композицияны құрайтын кешен Қазақстанның тарихи-мәдени және өнер ескерткіштерінде айрықша орын алады. Зерттеушілердің зерттеу жұмыстарына сүйенсек мұндағы бейнелер стилі мен иконографиясы жағынан ұқсас бейнелерді Шығыс Қазақстан мен Моңғолияның археологиялық материалдарынан кездестіруге болады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылдың 14 ақпанындағы №090217/4227 хатына сәйкес Іле өзені бойындағы жергілікті маңызы бар «Таңбалы тас»



зерттеп қағаз бетіне түсіргені белгілі. Ол ескерткіштегі тибет жазулары мен бейнелерінің көбінің көшірмесін алып, сипаттамасын жасаған. Тибет жазуларының бір бөлігін және Будда мәдениетін Д.А. Позднеев зерттеген.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары Таңбалытастағы жазулар мен бейнелерге Әлкей Марғұлан зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол тибет жазуларының аудармаларын жүйелеп, бұл композицияның XVII-XVIII ғасырлардан, яғни Жетісу өңірін жоңғарлар жаулап алған кезден қалғаны жөнінде болжамдарын жасаған.

тарих және мәдениет ескерткішін «Таңбалы» музей-қорығының басқаруына беру жөнінде шешім қабылданды. Бұл ұсынысқа Алматы облысы әкімдігі де қолдау танытып, Қапшағай қаласы әкімінің 2018 жылдың 20 тамызындағы № 630 қауылысына сәйкес ескерткіш орналасқан аумақтың 12 га жер телімін тұрақты жер пайдалану құқығы «Таңбалы» музей-қорығына берілді.

Ғаламтор желісі арқылы
дайындаған
РАЙДАРБЕКОВА

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Жиһаздың өсу жасында құпиясы неде?!

Жиһаздың бойлық жас көрсеткішінің құпиясы пайдаланушының нақты физикалық параметрлеріне сәйкес келетін жиһазды пайдалану кезінде ыңғайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады, әсіресе балалар жиһазы жағдайында. Бұл жиһазды адамның бойына және жасына қарай дұрыс ұстау, жайлылық және жарақат алмау үшін бейімдеу керек дегенді білдіреді.

Мектеп жиһазы - оқушылардың мектепте ұзақ пайдаланатын заттар жиынтығы ғана емес. Бұл оқу процесінің сәтті өтуіне, жайлы болуына, оқушы денсаулығына әсер ететін құрал. Мектеп жиһазына қойылатын санитарлық талаптарды сақтау білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Балалардың дене тұлғасының дұрыстығын гигиеналық негіздеу оқу-тәрбие мекемелерін, қажетті жиһаздармен қамтамасыз етудің және оны тиімді пайдаланудың өсіп келе жатқан балалардың денсаулығын сақтауда, барлық оқу-тәрбие процессінің тиімділігін жоғарылатуда маңызы өте зор.

Балалар мен жасөспірімдер мекемелерінің негізгі бөлмелерінің жиһаздарына қойылатын гигиеналық талаптар, антропометрия, гигиена, физиология ғылымдарының жетістіктеріне негізделеді және жиһаздардың әрқайсысының қолданылуына қарап анықтайды.

Негізгі талаптардың бірі – жұмыс столы мен орындықтардың баланың бой ұзындығы мен дене пропорциясына міндетті түрде сәйкес келуі.

Бұл талаптардың сақталуы балалардың дене бітімі дамуының үйлесімді болуына, дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына, қызмет қабілетінің ұзақ уақыт жоғары болуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, көз анализаторы мен тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарының профилактикалық шаралары ретінде де өте маңызды роль атқарады. Бұл талаптар сақталмағанда жұмыс істеу жағдайының қолайсыздығы арта түседі: дене кейіпінің еңкіштігі ұлғаяды, оның ассиметриясы дамиды, “дене мүсінінің” бұлшық еттеріне түсетін жүктеме көбейіп, ауырлық орталығы ауысып, дене тұлғасының тұрақсыздығына әкеліп соғады, балалар сабақта тыныш отыра алмай, артық қимыл-қозғалыстары көбейеді және т.б. Оқушының дене бітімінің дамуы мен ақыл-ой қызмет қабілетінің дұрыс қалыптасуы үшін сабақта отырғандағы дене тұлғасының дұрыстығы қажет.

• Материалдардың сапасы. Мектеп жиһазы жасалған материалдардың сапасы оның беріктігі мен қауіпсіздігіне әсер етеді. Экологиялық таза және гипоаллергенді материалдардан жасалған жиһазды таңдаған жөн, мұндай жиһазды тазалау оңайға түседі, уақыт өте келе де тозуға төзімді болады.

• Қауіпсіздік. Мектеп жиһазы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Атап айтқанда, өткір бұрыштар мен шығыңқы бөлшектер болмауы керек, құрылым берік және уытты материалдар пайдаланбауы тиіс. Сонымен қатар, жиһаз төңкерілуге және зақымдалуға төзімді болуы керек.

• Мектеп жиһазының функционалдығы оны әр оқушының жеке қа-

жеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігін қамтиды. Атап айтқанда, оқу құралдарын сақтауға арналған жәшіктер мен сөрелер болуы керек, үстелдер мен орындықтардың биіктігі мен бұрышы реттеліп, жиһаз сынып кеңістігін үнемдеуге мүмкіндік беретін ықшамды болуы қажет.

• Жиһаз оқушылардың жасына және бойына сәйкес келуі керек. Әр түрлі жас топтары үшін жиһаз өлшемдерінің әртүрлі стандарттары бар, мұны жиһаз таңдау кезінде ескеру қажет. Бұл оқу кезінде арқаны тік ұстауды және ыңғайлы дене қалпын қамтамасыз етеді.

• Биіктігі мен қисаю бұрышын реттеу мүмкіндігі бар жиһазды таңдау керек. Бұл жиһазды әр оқушының бойы мен қажеттіліктеріне бейімдеуге, сондай-ақ оны бірнеше жыл бойы пайдалануға мүмкіндік береді.

• Жиһаз сапалы материалдардан жасалған болғаны жөн, бұл беріктік пен тозуға төзімділікті қамтамасыз етеді. Мектеп жиһазында металл қаңқалар, пластик және ағаш элементтер болуы тиіс. Жиһаздың сапасына және қауіпсіздік сертификаттарының болуына назар аударған жөн.

• Жиһаздың сыртқы түрі де маңызды. Ашық және тартымды түстер балалардың оқуға деген қызығушылығын оятып, сыныпта жағымды атмосфера жасайды. Дегенмен, жиһаз тым көзге түсетін болмауы керек, оқушыларды аландатпауы тиіс.

• Мектеп жиһазы оңай тазалануы керек. Бұл оқу бөлмесінде тазалық пен гигиенаны сақтау үшін маңызды. Тез және оңай сүртуге немесе жууға болатын материалдарды таңдау керек.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы